

ӘОЖ: 33.339.1:14 (574)

Б.Т. Аймурзина,

экономика ғылымдарының докторы, доцент

М.Ж. Каменова,

экономика ғылымдарының докторы, профессор

Р. Шоқан,

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Алматы қ.

Отандық тауар өндірушілердің сыртқы азық-түлік нарығына шығу мүмкіндіктерін зерттеу

Кіріспе

Қазақстан Республикасының азық-түлік секторын дамыту отандық тауар өндірушілердің әртүрлі деңгейдегі тұтыну нарықтарының жұмыс істеуіне қатысуымен сипатталады. Бұл отандық нарықта, әсіресе ұлттық макро- және мезо деңгейлі жүйелерді қоса қарағанда белсенді түрде көрінеді, қазақстандық өндірушілер азық-түлік өнімдерін тұтынушылық нарықтарға жеткізеді, бұл өнім тұтынушылық ұсынысты айқындайтындығы белгілі.

Негізгі бөлім

Қазіргі уақытта отандық тұтыну нарығының ауқымы бөлшек тауар

айналымының жиынтық көлемімен сонын ішінде қоғамдық тамақтандыру және тұтыну қызметтері бойынша бағаланады. 2016 жылғы сандық көрсеткіштер бойынша бөлшек тауар айналымының жалпы көлеміндегі азық-түлік тауарларының үлесі 28% немесе құндық көрсеткіште 2204,3 млрд. теңгені құрады. Ағымдағы жағдай азық-түлік тауарларының бөлшек тауар айналымының қарқындылығының нәтижесі болып табылады. 2012-2016 жылдар аралығында тауар айналымы көлемінің кемуі байқалып отыр. Бөлшек сауданың нақты көлем индекстері зерттеуге алынған мерзім ішінде 113,4%-дан 102,0% аралығында өзгеріске ұшырап отыр (1 кесте).

Кесте 1 – Қазақстан Республикасындағы бөлшек сауда тауар айналымының нақты көлем индекстері (2012-2016 жж, %)

	Жылдар бойынша индекстер (өткен жылға пайызбен)				
	2012	2013	2014	2015	2016
Бөлшек сауда	113,4	116,0	107,9	97,5	102,0
оның ішінде азық-түлік тауарлары	111,6	108,7	105,3	96,3	101,7
одан: тамақ өнімдері	113,9	108,4	109,4	93,6	101,4
алкогольді ішімдіктер	108,2	108,9	88,7	125,0	111,7
азық-түлік емес тауарлар	114,1	119,3	109,1	98,0	102,1

Ескерту – ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми мәліметтері қолданылған [1, 96]

2-кестедегі көрсеткіштер зерттеуге алынған жылдар ішінде республиканың бөлшек тауар айналымының жалпы көлемінде азық-түлік емес тауарлардың үлесінің өсуін көрсетіп. 2016 жылы азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың үлесі жалпы бөлшек сауда айналымының 28% -ын және 72% -ын құрады.

Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың бөлшек тауар айналымы бойынша позицияларының қатынасы 1-ден 2-ге дейін бағалануы мүмкін. Егер біз оны тұтынуға жіберген болсақ, нәтиже тұтыну параметрлерінің жақсаруының дәлелі бола алады, өйткені азық-түлік тауарларының азық-түлік емес тобымен салыстырғанда тауар айналымының абсолюттік өсуі осы үлестің салыстырмалы төмендеуін көрсетеді.

2012-2016 жылдар аралығында бөлшек тауар айналымындағы азық-түлік тауарларының нақты көлем индекстері 111,6%-96,3% аралығында ауытқып отыр. Осы аралықтағы азық-түлік емес тауарлардың нақты көлем индекстері 119,3%-98,0% құрады.

Бөлшек тауар айналымының жалпы көлеміндегі азық-түлік өнімдерінің үлесінің салыстырмалы түрде төмендеуі қоғамдағы жоғары интеллектуалды қызметті ынталандыратын білім экономикасының қалыптасу жағдайында дұрыс және тиімді тамақтану жүйесімен байланысты болуы. Бұған сүт өнімдері, жемістер мен көкөністердің үлесі айтарлықтай ұлғаяды және нан мен нан-тоқаш өнімдерінің, жұмыртқаны, мен майлардың үлесі азайды. Бөлшек тауар айналымының құрылымында алкогольді ішімдіктердің, ет өнімдерін пайдалану көрсеткіштерінің өскені байқалып отыр.

Ұлттық тұтыну нарығын азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының азық-түлік саласындағы өндіріс есебінен және қажетті тауарларды елге импорттау есебінен жүзеге асырылады. Сандық тұрғыдан алғанда, азық-түлік

тауарларының қозғалысы бойынша осы тұтыну нарығының жұмыс істеу ауқымы негізінен, азық-түлік тауарларының (қоғамдық тамақтандыруды қоса есептегендегі) бөлшек тауар айналымының көлемімен анықталады. Сонымен қатар, отандық өндірістің ауқымы импортталатын өнім көлемін шегеріп тастағандағы бөлшек тауар айналымының көрсеткішімен бағалануы мүмкін. Осыған сәйкес есептеу келесі формуламен өрнектеледі.

$$B_{a-m} = B - I \quad (1)$$

Мұндағы:

B_{a-m} – қазақстандық өндірушілер тарапынан өндірілген азық-түлік тауарларының бөлшек тауар айналымы;

B – елдегі азық-түлік тауарларының бөлшек тауар айналымының көлемі;

I – Қазақстандағы азық-түлік импорты.

Осыған байланысты азық-түлік тауарларының тауарлық номенклатурасының бөлімдері бойынша Қазақстан Республикасындағы импорт көлемін қарастыру керек және елдегі импорт қозғалысы туралы негізгі сандық мәліметтер 3-кестеде келтіріліп отыр.

3-кестегі сандық мәліметтерге сәйкес Қазақстан Республикасындағы 2012-2016 жылдар аралығындағы импорттың көлемі 1,8 есеге төмендеп, 2012 жылға қарағанда 25376,7 млн. АҚШ долларын құрады. ТМД елдерінен әкелінетін импорттың көлемі әлемнің басқа елдерінен жеткізілетін тауарлар импортына қарағанда төменірек.

Импорттық жеткізілімдердің құрылымына талдау жасайтын болсақ. Тірі жануарлар; жануарлардан алынатын өнімдердің импортында ТМД елдерінің үлесі жоғары яғни 2012 жылы 54,6 пайызды құраса, 2016 жылы 59,9 пайызға өскен. Әлемнің басқа елдерінен әкелінетін жануарлар өнімдерінің үлесі төмендегені байқалып отыр.

Кесте 2 – Қазақстан Республикасының 2012-2016 жылдарға арналған бөлшек сауда айналымының көлемі мен құрылымы

	Тауар айналым көрсеткіштері											
	мың теңге					Бөлшек сауда көлеміне % -бен					азық-түлік тауарларына % -бен	
	2012	2013	2014	2015	2016	2012	2016	2012	2016	2012	2016	
Бөлшек сауда көлемі, барлығы	4567661194	5474274033	6332252984	6555820930	7974442118	100,0	100,0	-	-	-	-	
Азық-түлік тауарлары	1417667212	1609856789	1820822808	1886933486	2204286352	31	28	100,0	100,0	100,0	100,0	
Жемістер және көкөністер	131215431	162536245	222105843	186594590	207144405	2,9	2,6	9,3	9,3	9,4	9,4	
Қайта өңделген жемістер мен көкөністер	30504360	28572751	33847416	34597543	38485167	0,67	0,48	2,2	2,2	1,7	1,7	
Ет	183372498	196523628	217225127	222254602	262821180	4,01	3,3	13	13	12	12	
Балықтар, шаян тәрізділер мен былқылдақ денелілер	36068071	47649919	46034029	48672286	51895937	0,8	0,65	2,5	2,5	2,4	2,4	
Нан-тоқаш өнімдері	87909 822	106 559 035	117128140	117375554	141895201	1,9	1,78	6,2	6,2	6,4	6,4	
Қанттан жасалған кондитерлік өнімдер	88783412	101709 993	131971880	107334626	116749440	1,9	1,46	6,3	6,3	5,3	5,3	
Сүт өнімдері	128311223	152438 194	147160 067	182158088	216541170	2,8	2,7	9,1	9,1	9,8	9,8	
Жұмыртқа	30057168	32409220	35242442	32354906	36699904	0,65	0,46	2,1	2,1	1,66	1,66	
Май және ас тон майлары	53013096	60521128	69258548	70600227	80712813	1,2	1,01	3,7	3,7	3,7	3,7	
Басқа тонтамаларға енгізілмеген тамақ өнімдері	235409745	254518775	337035171	317403 546	358429543	5,2	4,5	16,6	16,6	16,3	16,3	
Алкогольді ішімдіктер	143627364	162647009	155445342	212169 094	262615510	3,1	3,3	10,1	10,1	12	12	
Темекі бұйымдары	48905454	59655 770	58798626	71205 203	66446091	1,1	0,8	-	-	-	-	
Азық-түлік емес тауарлар	3149993982	3864417244	4511430176	4668887444	5770155766	68,9	72,4	-	-	-	-	
Ескерту – ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми мәліметтері негізінде есептелген [1, 17-70б]												

Өсімдіктен алынатын өнімдер импорты 2012 жылы 1007,1 млн долларға жетсе, 2016 жылы оның салмағы 846,1 млн долларға төмендеген (3 кесте). Елдердің үлес салмақтарында ТМД мемлекеттерінің үлесінің басымдығы байқалып отыр.

Жануарлардан немесе өсімдіктерден алынатын тоң майлар мен майлар және оларды ажырату өнімдері; дайын тамақтық тоң майлар; жануарлардан немесе өсімдіктерден алынатын балауыздар импорты 2012 жылы 194,4 млн долларды, 2016 жылы 185,3 млн долларды құрады. Бұл тауарлық номенклатура бойынша ТМД елдерінен жеткізілетін импортта басымдық бар.

Дайын тамақ өнімдері; алкогольді және алкогольсіз ішімдіктер және сірке суы; темекі және оның алмастырғыштары импортында ТМД елдерінің үлесі 2012 жылы 71,0 пайызды құраса, 2016 жылы 66,5 пайызды құрады. Ал, республикаға әлемнің басқа елдерінен жеткізілген импорттың көлемі 2012 жылы 28,9 пайыз болса, 2016 жылы 33,5 пайызға өскен.

Есептеулердің жалпы қорытындысы, азық-түлік тауарларының импорты зерттеуге алынған жылдар ішінде төмендеу үрдісіне ие болғанын көрсетіп отыр. Бұл елдегі ішкі тауар өндірушілердің дайын өнімдер нарығын азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етіп жатқанын білдіреді.

Кесте 3 – Қазақстан Республикасындағы азық-түлік тауарларының импорты (2012, 2016жж)

	Азық-түлік импорты				Елдердің жалпы импорттағы үлесі	
	2012 ж.		2016 ж.		2012 ж.	2016 ж.
	млн. АҚШ долл.	қорытындысына %	млн. АҚШ долл.	қорытындысына %		
Жалпы тауарлар импорты	46358,4	100,0	25376,7	100,0	100,0	100,0
ТМД елдері	22112,6	100,0	11363,6	100,0	47,7	44,8
Әлемнің басқа елдері	24245,8	100,0	14013,1	100,0	52,3	55,2
Оның ішінде: Тірі жануарлар; жануарлардан алынатын өнімдер	870,2	1,9	466,2	1,8	100,0	100,0
ТМД елдері	475,5	2,2	279,5	2,5	54,6	59,9
Әлемнің басқа елдері	394,7	1,6	186,7	1,3	45,4	40,0
Оның ішінде: Өсімдіктен алынатын өнімдер	1007,1	2,2	846,1	3,3	100,0	100,0
ТМД елдері	555,7	2,5	448,5	3,9	55,2	53,0
Әлемнің басқа елдері	451,4	1,9	397,6	2,8	44,8	46,9
Жануарлардан немесе өсімдіктерден алынатын тоң майлар мен майлар және оларды ажырату өнімдері; дайын тамақтық тоң майлар; жануарлардан немесе өсімдіктерден алынатын балауыздар	194,4	0,4	185,3	0,7	100,0	100,0
ТМД елдері	145,6	0,7	159,1	1,4	74,9	85,9
Әлемнің басқа елдері	48,8	0,2	26,2	0,2	25,1	14,1
Дайын тамақ өнімдері; алкогольді және алкогольсіз ішімдіктер және сірке суы; темекі және оның алмастырғыштары	2186,1	4,7	1583,7	6,2	100,0	100,0
ТМД елдері	1552,2	7,0	1053,2	9,3	71,0	66,5
Әлемнің басқа елдері	633,9	2,6	530,5	3,8	28,9	33,5

Ескерту – ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми мәліметтері негізінде есептелген [2,3]

Қазақстан Республикасының ресми статистикасының негізінде жасалған есептеулерге сәйкес, 4-кестеде қазақ-

стандық өндірушілердің 2012-2016 жылдар аралығында ұсынған азық-түлік тауарларының бөлшек сауда айналымы көрсетілген.

Кесте 4 – Отандық тауар өндірушілердің 2012-2016 жылдар аралығындағы азық-түлік тауарларының бөлшек тауар айналымының көлемі

Годы	Азық-түлік тауарларының бөлшек сауда көлемі, млн. тенге Б	Азық-түлік тауарларының импорты, млн. тенге И	Қазақстандық өндірушілер тарапынан өндірілген азық-түлік тауарларының бөлшек тауар айналымы млрд. тенге Б
2012	1 417700	634895,5	782804,5
2013	1 609900	702749,3	907150,7
2014	1 820800	776932,0	1043868
2015	1 886900	752329,9	1134570,1
2016	2 204300	1054112,7	1150187,3
Ескерту – ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми мәліметтері негізінде есептелген [2,3]			

Есептеу кезінде қол жеткізілген көрсеткіштер, қазақстандық кәсіпкерлердің азық-түлік өнімдерін өндірумен, сатумен байланысты үлестерінің жоғары екенін көрсетеді. Мәселен, жоғарыдағы есептеулерге сәйкес, республикадағы азық-түлік секторындағы тауар қорларының басым бөлігі яғни 2016 жылғы сандық көрсеткіш бойынша 52,2 пайызын Қазақстанда өндірілген тауарлар, ал 47 пайызын импорттық шетелдерден жеткізілген тауарлар тобы құраған. 2012 жылы бұл үрдіс отандық өндірушілер тарапынан 55,2 пайызды, ал шетелдік өндірушілер тарапынан жеткізілген импорттан 44,7 пайыз болған. Талдау қорытындылар әлі де болса, отандық азық-түлік тауарлар нарығында шетелдік тауарлардың үлес салмағы сақталып отырғанын көрсетіп отыр. Бұл орайда келесі пайымдауды назарға алу керек сияқты. «Қазақстанның тұтыну нарығындағы бәсекелестік, атап айтқанда азық-түлік нарығында отандық өндірушілердің пайдасына шешіліп отырған жоқ... Импортты алмастыру бағдарламасы бойынша отандық және шетелдік азық-түлік

өнімдерінің қатынасы 70/30-да бағалануда, ал азық-түлік импортының рұқсат етілген үлесі 15-17%» [4, б. 13].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жылдары ішінде ұлттық азық-түлік өнеркәсібінде жүзеге асырылған елеулі іс-шаралар жалпы шаруашылық қызметке оң әсерін тигізе отырып, саланың қарқынды дамуына ықпалын тигізді. Бұл тұтынушылық сұранысқа сәйкес ұсыныстың қалыптасуымен, нарықтық экономиканың қалыпты жұмыс істеуімен, шаруашылық қызметінің нәтижесін бағалау тетіктерінің қалыптасуымен, ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу қызметінің артуымен және жалпы өндірістің сандық және сапалық параметрлерінің өзгерісімен сипатталады.

Сонымен қатар бүгінгі күнгі іске асырылып жатқан экономикалық байланыстардың нәтижесінде елдер арасында орнатылған ескі байланыстар мен бірге, осы уақытқа дейін сауда қарым-қатынасы орнатылмаған елдермен байланыс жасаудың нәтижесінде тауар айналым саласындағы өзгерістерді туғызып отыр. Екінші жағынан бұрынғы кеңестік елдерімен

экономикалық әріптестіктегі шаруашылық қарым-қатынастың аясында бәсеңдеу байқалуда. Өндірістік көрсеткіштегі құлдырау ТМД-ның көптеген елдеріне тән, бірақ әр елде ол әртүрлі деңгейге ие. Елдер бойынша импорттың үлес салмағында 2016 жылы Ресейдің, Беларусьтың, Өзбекстанның үлесі жоғары. Әлемнің басқа елдерінен жеткізілген импорттың үлесінде 2016 жылы Германияның, Италияның, Францияның үлесі басым болған. Азия елдерінің ішінде Қытай, Жапония, Корея Республикасының басымдығы байқалады.

Белгілі бір деңгейде қазақстандық азық-түлік өндірушілердің тұтыну нарығына шығу ауқымы экспорттық көрсеткіштермен бағаланады. 2012-2016 жылдар ішінде ел экспортының көлемі 86448,8-36736,9 млн АҚШ долл. арасында ауытқып отырды. Оның ішінде: дайын тамақ өнімдері; алкогольді және алкогольсіз ішімдіктер және сірке суы. Темекі және оның алмастырғыштары бойынша экспорт көлемі 2012 жылы 328,2 млн долл., 2016 жылы 344,2 млн. долл. құрады. Өсімдіктен алынатын өнімдер көлемі сәйкесінше 2512,4 млн. доллардан және 1636,5 млн долларға дейін азайған. Ел экспортының тауарлық құрылымы ішінде өсімдіктен алынатын өнімдердің үлесі жоғары. Бұл елдегі агроөнеркәсіп кешенінің қалыпты өндірістік ырғақта даму жолына түскенін білдіреді. 2012 жылы өсімдіктерден алынатын өнімдердің 47,4 пайызы ТМД елдерінен, 52,6 пайызы әлемнің басқа елдеріне жеткізілген. 2016 жылы бұл көрсеткіш сәйкесінше 49,7% және 50,2% құрады.

Қорытынды

Қазіргі жағдайда қазақстандық өнімдерді сыртқы нарықтарға шығару жолдарының бірі отандық азық-түлік өндірушілердің жақын және алыс шетел нарықтарына бағытталған экспансия саясатын жүргізу қажеттілігі болып

табылады. Экономикалық әдебиеттерде экономикалық экспансия деп ресурс көздеріне ие болу, нарықтарды жаулап алу, әріптестерді ығыстыруға бағытталған шаруашылық іс-әрекеттердің экономика сферасындағы ықпалды сипаттайды.

Қазақстанның азық-түлік саласына келсек, экономикалық кеңею туралы елдегі ішкі және өңірлік тұтыну нарықтарына ғана қатысты тиімділігі жоғары саясат деп айтуға болады.

Егер тауарларды жылжытудың әлеуетті мүмкіндіктері туралы қарастырған кезде, ТМД елдері нарықтарындағы қалыптасқан қарым-қатынасты, ұзақ уақытқа созылған экономикалық байланыстар шеңберінде өнімдерді сыртқы сату нарықтарын кеңейтудің бағыттары басымдық. Себебі, жылдарға созылған ортақ байланыс, тұтыну саласындағы ұқсастық, дәстүрлерді білу деңгейі аталмыш тұтыну нарықтарын қазақстандық тауарлармен қамтамасыз етуде ыңғайлы сегментке ие болудың мүмкіндігі жоғары екенін көрсетеді.

Әлемдік шаруашылық жүйенің құрамына кіретін нарықтық құрылымы дамушы Қазақстан Республикасы үшін ұлттық экономикалық жағдайдың мәселесі бірінші орында. Елдегі қазіргі экономикалық жағдай отандық өнеркәсіп салаларын қайта құрылымдауды, өндіруші салаларға қарағанда өңдеуші салаларды дамытуды, өндірілген өнімдердің жалпы дүниежүзілік сапа стандарты талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуді, өндірістік индустриялық-инновациялық дамытуды және экономиканы диверсификациялауды талап етіп отыр.

Қазіргі таңда елде өнеркәсіп сферасын модернизациялаудың «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жүзеге асырылып жатқаны белгілі [5]. Бағдарламаға сәйкес азық-түлік өнімдерінің өндірісінде: шетелдік инвесторларды

тарту және қосылған құны жоғары азық-түлік өнімдерін өндіру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру; сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде көтерме-тарату орталықтарын салу; экспорттық стратегияны әзірлеу; тамақтану мәдениетін, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтануды насихаттау және халықтың табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуын қамтамасыз ету арқылы қалыптастыру; ұлттық брендтер жасау және ілгерілету; ҒЗТКЖ-ға бизнесті тарту сияқты шаралары іске асырылу керектігі аталып өтті.

Индустриялық-инновациялық мемлекеттік бағдарламасы шегінде белгіленген міндеттер орындалатын болса, азық-түлік өнімдері нарығында мемлекеттің үстемдік құру мүмкіндігі жоғары. Себебі тамақ өнеркәсібін табиғи таза ресурстармен қамтамасыз етудің елдегі әлеуеті жеткілікті.

Жалпы зерттеу қорытындысы азық-түлік тұтыну нарығында елдің ішкі және сыртқы сауда позициясы бойынша өзінің ұстанымын арттыру керектігін көрсетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы бөлшек және көтерме сауда Статистикалық жинақ/ қазақ және орыс тілдерінде/ (2012-2016жж). – 120 бет.
2. Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы / Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде / (2012-2016жж). – 268 бет.
3. Қазақстан 2016 жылы / Статистикалық жылнамалығы / қазақ және орыс тілдерінде / – 645 бет.
4. Ахметжанова С.Б. Конкурентоспособность пищевой промышленности Казахстана: теория, проблемы и механизм обеспечения. – Алматы, 2001. – 291 с.
5. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы-Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығы.

References

1. *Қазақстан Республикасындағы бөлшек және көтерме сауда Статистикалық жинақ/ қазақ және орыс тілдерінде/120 бет (2012-2016zh.zh).*
2. *Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы / Statistikalық zhinaқ / қазақ және орыс тілдерінде / 268 бет (2012-2016zh.zh).*
3. *Қазақстан 2016 zhyly / Ctatistikalық zhylnamalyғы / қазақ және орыс тілдерінде / 645 бет.*
4. *Ahmetzhanova S.B. Konkurentosobnost' pishhevoj promyshlennosti Kazahstana: teorija, problemy i mehanizm obespechenija. – Алматы, 2001. – 291 s. (in Russ.)*
5. *Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 zhyldarға арналған memlekettik baғdarlamasy, Қазақстан Respublikasy Prezidentiniң 2014 zhylyғы 1 тамыздағы, № 874 Zharlyғы.*

Аннотация

Предпринимаемые государством меры призваны способствовать эффективности и конкурентоспособности пищевой промышленности, потеснить иностранную продукцию на внутреннем рынке, повысить уровень продовольственной безопасности и открыть пути на внешние рынки для казахстанской продукции.

Развитие отечественной пищевой промышленности, превращение ее в высокоэффективный и высокодоходный сектор экономики имеет большое значение для обеспечения экономической безопасности страны и повышения жизненного уровня населения.

В статье представлены результаты проведенных авторами теоретических и практических исследований, касающиеся состояния выхода отечественных товаропроизводителей на внешние рынки продовольствия и проблем развития пищевой отрасли страны в условиях расширения интеграционных процессов.

Ключевые слова: торговля, розничная торговля, товар, импорт, экспорт.

Summary

Measures taken by the state are designed to contribute to the efficiency and competitiveness of the food industry, to squeeze out foreign products in the domestic market, to raise the level of food security and to open the way to foreign markets for Kazakhstani products

The development of the domestic food industry, its transformation into a highly efficient and highly profitable sector of the economy is of great importance for ensuring the economic security of the country and raising the standard of living of the population.

The article presents the results of theoretical and practical research of the authors concerning the state of the output of domestic commodity producers on foreign food markets and the problems of the development of the country's food industry in the context of expanding integration processes.

Key words: trade, retail trade, goods, imports, exports.